

«Ерлік.кз» сайтында «Жеңіс сарбаздары» айдары ашылды

Облыстық «Ақ жол» газетінің 9.05.2019 жылғы Ұлы Жеңіс күніне орайластырылған №50 санында және «Арай» газетінің №19 санында Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары С.Мадиеваның «Ерлік.кз» сайтында «Жеңіс сарбаздары» айдары ашылды», «Жеңісті жақындатқан жампоздарды желіден де табуға болады» атты мақалалары жарық көрді.

• ТАРИХ ПЕН ТАНЫМ

«Erlik.kz» сайтында «Жеңіс сарбаздары» айдары ашылды

Тараз қаласында соңғы жылдары тарихи-мәдени кешендер, скверлер, саябақтар ашылып, қала тұрғындары мен қонақтары бір мезгіл серуендейтін орындар бой көтеруде. Соның бірі – өткенге ой жүгіртіп, батыр бабаларымыз жайлы жас ұрпақ алдында өнегесіз зор мәліметтер беретін «Ерлік» мемориалдық кешені. Бұл тарихи кешенде облысымыздан Ұлы Отан соғысына аттанған, жеңіспен қайта оралған, белгісіз кеткен және Кеңес Одағының Батырлары сыйды өзге де есімдер тасқа қашалып жазылды. Тарих айнасына айналдыру көзделді.

Кешенде орналасқан колонналардағы азаматтар тізімінің барлығы дерлік облыстық, қалалық, аудандық әскери комиссариаттардың (воскомат) әліпбилік тіркеу кітап-журналдарынан алынып жинақталды.

Бұл тізімді түгендеуде басқарма басшылығы, облыстық, қалалық, аудандық архив мекемесінің директорлары мен қызметкерлері жұдырықтай жұмылғанын айта кеткен жөн.

Аталған игі шара әлі де жалғасын тауып, «Erlik.kz» арнайы сайты ашылды. Сайтқа облыс бойынша жинақталған 106 000 азаматтың тізімі электронды нұсқада енгізілген. Кез келген оқырман сайтқа кіру арқылы көптеген мәліметтер ала алады.

Басты бетте облысымыздан шыққан Кеңес Одағының Батырлары, жамбылдық майдангерлер, отты жылдардың тарихы және галерея орналастырылған. Сонымен бірге ұсыныс-пікірлер қалдыру мақсатында байланыс телефондары мен мекен-жайы туралы да ақпараттар бар. Сайт қолда бар жана мәліметтермен толықтырылып, жаңартылады.

Облыстық, қалалық, аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен қазіргі таңда көзі тірі 77 ардагердің мекен-жайын алып, кездесіп, әңгіме-сұхбат, фото, видео естеліктер жинақталды.

Жинақталған мәліметтер негізінде «Жеңіс сарбаздары» атты айдар



ашылып, ардагер қариялардың естелік әңгімелері, отбасы, құжаттары, медальдары, куәліктері және басқа да мәліметтері енгізілді. Осылайша жеңісті жақындатқан жерлестерімізді тарихта мәңгі қалдыруға өз үлесімізді қосуды мақсат тұтып отырмыз.

Бүгінде көзі тірі ардагерлеріміздің барлығының жасы тоқсаннан

асқан. Жасы келсе де, көштен қалмаған көшелі жандарды әдетте, сүйегі асыл деп әспеттейміз. Махмуд есімді қария қазірге дейін түрлі мерекелік шаралардан қалмай, омырауы орден, медальдарға толы костюмін киіп, жастарға өз басынан өткен өмір сабақтарынан өнегелі әңгіме айтып жүр. Осындай жүріс-тұрысы ширақ, сөз саптауы орнықты қарияларымыз Жеңіс мерекесінде сапта жүруге қауқары барына көзіміз жетті.

Сұрапыл соғыстың небір қиын сәттерін есіне алған қариялардың естеліктерін естігенде көзіңізге еріксіз жас келеді. Сондықтан бұл кісілер қандай да болса құрметке әбден лайық.

Бір жағынан қазіргі жаһандану заманында әлеуметтік желі арқылы батыр бабаларымыздың ерліктерін әйгілеуге де мол мүмкіндік туып отыр. Соғыс жылдарында оқ пен оттың арасында қан кешкен майдангерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Отанға қауіп төнгенде миллиондаған адам бейбітшілік жолында мерт болды. Соғыстан аман келгендері бейбіт күнде тер төгіп, ел игілігі жолында аянбай еңбектенді. Ел тыныштығын қорғау жолында қолына қару алып, майданға аттанған жауынгерлердің сонау сұрапыл соғыс жылдарындағы ерлік істері мен жарқын бейнелері кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге болып, санамызда мәңгілік жаңғырып тұра бермек.

Сара МӘДИЕВА,
облыс әкімдігі мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары.

► Tsıfrlandyrý jemisi

ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ЖАМПОЗДАРДЫ ЖЕЛІДЕН ДЕ ТАБУҒА БОЛАДЫ

Erlık.kz сайтында жамбылдық майдангерлер туралы мол мағлұмат қамтылған

Тарихы терең Тараз қаласында соңғы жылдары тарихи-мәдени кешендер, скверлер, парктер ашылып, қала тұрғындары мен қонақтары бір мезгіл серуендейтін орындар бой көтеруде. Соның бірі – өткенге ой жүгіртіп, батыр бабаларымыз жайлы ұрпақ алдында өнеге айтуға мүмкіндік жасалған «Ерлік» мемориалдық кешені. Бұл тарихи кешенде Жамбыл облысынан Ұлы Отан соғысына аттанған, қайта оралған, белгісіз кеткен және Кеңес Одағының Батырлары, тағы басқа да тұлғалардың есімдері тасқа қашалып, мәңгі тарихта қалдыру көзделген болатын.

Кешенде орналасқан колонналардағы азаматтар тізімінің барлығы дерлік облыстық, қалалық, аудандық әскери комиссариаттардың әліпбилік тіркеу кітап-журналдарынан алынып жинақталды.

Бұл тізімді түгендеуді басқарма басшылығы, облыстық, қалалық, аудандық архив мекемесінің директорлары мен қызметкерлері атқарып шыққандығын да айта кеткен жөн.

Аталған игі шара әлі де жалғасын



тауып, Erlık.kz арнайы сайты ашылды. Сайтқа облыс бойынша жинақталған 106 000 азаматтық тізімі электронды нұсқада енгізілген. Кез келген

оқырман ғаламтор арқылы сайтқа кіріп көптеген мәліметтер ала алады. Басты бетте Кеңес Одағының Батырлары, жамбылдық майдан-

герлер, отты жылдардың тарихы және галерея орналастырылған. Сонымен бірге ұсыныс-пікірлер қалдыру мақсатында байланыс телефондар мен мекенжайы туралы да аңпар бар. Сайт қолда бар жаңа мәліметтермен толықтырылып, жаңартылып отырады.

Сонымен қатар қалалық, аудандық әкімдіктер жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен қазіргі таңдағы көзі тірі әрдагерлермен кездесіп, әңгіме-сұхбат, фото, видео, естеліктері жинақталды.

Жинақталған мәліметтер негізінде «Жеңіс сарбаздары» атты айдар ашылып, әрдагер қариялардың естелік әңгімелері, отбасы, құжаттары, медальдары, құдіктері және басқа да мәліметтері енгізілді. Осылайша жеңісті жақындатқан жерлерімізді тарихта мәңгі қалдыруға өз үлесімізді қосуды мақсат тұтып отырмыз.

Соғыс жылдары оқ пен оттың арасында қан кешкен майдангерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Сара МӘДИЕВА,
облыс әкімдігі мәдениет, архивтер және құжаттану басқармасы басшысының орынбасары